

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстанның Үкіметі арасындағы  
Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімді  
бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 желтоқсан N 310-І

Алматыда 1997 жылғы 27 ақпанда қол қойылған Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Түркіменстанның Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктөрді  
автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Түркіменстанның Үкіметі арасындағы  
Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық  
тасымалдау туралы  
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 5-құжат)  
(1999 жылғы 29 қаңтарда құшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,  
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 86 бет)

Бұдан әрі қарай "Уағдаласуши Тараптар" деп аталатын, Қазақстан  
Республикасының Үкіметі мен Түркіменстанның Үкіметі,  
өзара тиімді сауданы және экономикалық қатынастарды дамытуға жәрдемдесу  
тілегін білдіре отырып,  
тендік және өзара тиімділік негізінде екі мемлекет арасындағы жолаушылар мен  
жүктөрдің автомобильмен халықаралық тасымалдарын және өз аумақтары арқылы  
транзитін дамыту мен реттеу мақсатында,  
төмөнdegілер жөнінде келісті:

## Қ о л д а н у с а л а с ы

1. Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасында екі мемлекеттің біреуінің аумағында тіркелген автокөлік құралдары орындайтын, Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы тікелей қатынастардағы немесе олардың аумағы арқылы халықаралық автомобиль қатынастары үшін ашық жолдар арқылы транзитті жолаушылар мен жүк тасымалдауларына қолданылады.

2. Осы Келісім Уағдаласуши Тараптардың халықаралық жүктердің немесе жолаушылардың автомобиль тасымалдары саласындағы өздері қол қойған екі жақты немесе көп жақты келісімдерінен туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне нұксан к е л т і р м е й д і .

## 2 - б а п Айқындаамалар

### О с ы      К е л і с і м н ің      мақсаттары      ү ш і н :

1. "Тасымалдаушы" терминімен - Қазақстан Республикасы немесе Түркіменстанда тұрғылықты мекен-жайы бар, автокөлік құралы тіркелген мемлекеттің қолданыстағы зандарына сәйкес коммерциялық негізде немесе өз жеке есебінен жолаушылар немесе жүктедің халықаралық тасымалдарын орындауға өкілетті кез-келген жеке немесе заңды тұлға түсініледі.

2. "Автокөлік құралы" терминімен:

а) жолаушыларды тасымалдаған кезде - жүргізушиңі қоса есептегенде, 9-дан артық жолаушыларды тасымалдауға арналған механикалық жүргізгіші бар автобус немесе кез келген автокөлік құралы түсініледі;

б) жүктеді тасымалдаған кезде - тасымалдауға арналған механикалық жүргізгіші бар кез-келген автокөлік құралы өз мемлекеттің аумағында тіркелген жағдайда, бір автокөлік тартқыш пен тіркемелер немесе жартылай тіркемелерді қоса алғандағы автокөлік құралы түсініледі.

3. "Рұқсат" термині әрбір Уағдаласуши Тараптардың қолданыстағы мемлекеттік зандарына сәйкес жиындарды төлеп немесе жиындардан босатылып пайдалану үшін берілген, автокөлік құралының иесіне Уағдаласуши Тарап мемлекеттің аумағында оған қарай және кері қарай тікелей немесе транзитті бір сапарға бекітілген нысандағы және тасымалдау мерзімі кезінде бір бағытта құқық беретін құжат түсініледі;

4. "арнайы рұқсат" термині аумақтарында тасымалдау жүзеге асырылып отырған Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы ішкі зандарына сәйкес, тасымалдаушыға автокөлік құралдарымен кең көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктегендегі тасымалдарын орындауға құқық беретін құжат түсініледі;

5. "жолаушылардың жүйелі тасымалы" - олардың кезінде келісілген кестелер мен

тарифтерге сәйкес, алдын-ала айқындалған аялдамалар пункттерінде жолаушылардың түсі мен мініу жүзеге асырылатын, белгілі қозғалыс жиілігі бар бекітілген маршрут бойынша жүзеге асырылатын тасымал;

6. "жүйесіз (көзделмеген) тасымалдар" - басқа да жолаушылар

тасымалдары;

7. "каботаждық тасымалдар" - бір Уағдаласуши Тарап мемлекеті тасымалдаушысының екінші Уағдаласуши Тарап мемлекеті аумағында орналасқан пункттер арасында орындайтын тасымалы;

8. "транзит" терминімен екінші Уағдаласуши Тарап мемлекет аумағы арқылы үшінші елдерге немесе үшінші елдерден бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің автокөлік құралдарының жүріп өтуі түсініледі.

### Жолаушылар тасымалдары

3-бап

Жүйелі тасымалдар

1. Жолаушыларды автобустармен жүйелі тасымалдаулар Уағдаласуши

Тараптардың құзырлы органдары арасындағы алдын-ала рұқсат бойынша келісулер негізінде жүзеге асырылады.

2. Жүйелі автобустық қатынастар Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы оның мемлекеттік аумағы арқылы өтетін маршруттар ұлттық зандар талаптарына сәйкес, құзырлы органдарының алдын-ала мақұлдау жолымен ұйымдастырыла алады. Мақұлдауды 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жүйелі қатынастың ашылуы туралы құзырлы органдардың шешімдері негізінде беруге болады.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес өтініштер екінші Уағдаласуши Тараптардың құзырлы органына жазбаша түрде беріледі.

Өтініштерге төмендегі мәліметтер енүі тиіс:

- тасымалдаушының атауы мен мекен-жайы;
- қозғалыстардың тарифі, маршруты, кестесі;
- тасымалдарды орындаудың көзделген кезеңі мен жиілігі;
- жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері;
- пайдалану мерзімі, демалу және тамақтану үшін аялдау пункттері.

4. Әрбір Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының құзырлы органдары екі жақты келісім бойынша жұмыс тәртібінде немесе осы Келісімнің 14-бабында

көрсетілген Арасы комиссияның шешімімен төмендегі:

- а) жаңа автобустық қатынастарды қолданысқа енгізуі;
- б) автокөлік құралдары қозғалыстарының кестесін;
- в) тарифтерді;
- г) тасымалдар шарттарын (жүру маршруттарын);
- д) белгілі маршруттар бойынша жүйелі автобус қатынастарын қыскарту, дамыту немесе тоқтатуды;
- е) жүйелі қатынастарға қатысты басқа да мәселелерді анықтайды.

#### 4-бап

#### Жүйесіз (көзделмеген) тасымалдар

1. Тікелей және транзитті қатынастарда жүйесіз тасымалдаулар Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзырлы органдары алдын-ала берген рұқсаттары негізінде Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің біреуінің тасымалдаушылары жүзеге асырады.

2. Екі Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары жыл сайын өзаралық негізде рұқсаттар түрлерін бір-бірімен келіседі.

5 - б а п  
Ж ү к т а с ы м а л д а р ы

1. Осы Келісімнің 6-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері арасындағы және олардың аумақтары арқылы транзитті жүк тасымалдары рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады. Әрбір рейске және әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат берілуі тиіс. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына келуші немесе Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің біреуінің аумағы арқылы транзитті өтетін бос автокөлік құралы үшін де рұқсат талап етіледі.

2. Бір Уағдаласушы Тараптың біреуінің тасымалдаушысына рұқсатты екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына кіру кезінде оның құзырлы органдары береді.

3. Рұқсатты басқа тасымалдаушыға беруге немесе оны өзге автокөлік құралы үшін қолдануға тыйым салынады.

4. Рұқсат тасымалдаушыға жүкті тікелей бағыттағы қатынаста да, сонымен бірге автокөлік құралы тіркелген мемлекетке бағытталған жағдайда да, бірінші Уағдаласушы Тарап құзырлы органының рұқсатымен екінші Уағдаласушы Тарап аумағынан кері қарай тасуды жүзеге асыруға құқық береді.

1. Тиісті құжаттар болған жағдайда, тікелей немесе транзитті қатынаста төмендегі тасымалдауларап:

а) бұзылған немесе аварияға үшыраған автокөлікті ауыстыру және тасымалдау үшін баратын бос автокөлік құралына, сондай-ақ оларды тіркеп сүйреу немесе жөндеу үшін техникалық көмек көрсетуші автомобильдерге;

б) қайтыс болған адамдардың мәйіттері мен мұрделерге;

в) жәрменқелер, көрмелер немесе басқа да мәдени-техникалық және спорттық шаралар үшін арналған автокөлік құралдарына, заттар мен экспонаттарға, жабдықтар мен құралдарға, хайуанаттар мен материалдарға;

г) көрі қарай алғып кету жағдайындағы жарнамалық мақсатта пайдаланылатын заттар мен құралдарға;

д) көшу кезіндегі жылжымалы мұлікке;

е) театр декорациялары мен реквизиттеріне, музика аспаптарына, кино түсіру, радио-теле хабарлары үшін жабдықтар мен сайдандарға;

ж) табигат апартары кезінде көмек көрсету үшін медициналық

құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектерге, сондай-ақ гуманитарлық және өзге де көмектер шеңберіндегі жүк тасымалдарына;

з) жалпы пайдаланудағы почталық тасымалдауларға рұқсат алу міндетті емес.

2. Осы Келісімнің 14-бабында көрсетілген Арасы комиссияның осы бапта аталған тізбені өзгертуге және толықтыруға өкілдігі бар.

Аталған толықтырулар мен өзгертулер белгіленген тәртіpte оларды Уағдаласуши Тараптар бекіткен соң күшіне енеді.

### Жалпы ережелер

7-бап

Каботаж

Бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт аралығында тасымалдарды жүзеге асыруға тыйым салынады.

8-бап

Үшінші мемлекеттерге және олардан көрі қарай

## жүктерді тасымалдау

1. Осы Келісімнің 1-бабына сәйкес өкілденген Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің біреуінің тасымалдаушылары екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы мен үшінші мемлекеттерге, арасында, сондай-ақ осы Уағдаласушы Тараптың құзырлы органдының рұқсатын алғаннан кейін, өзаралық негізде екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына үшінші мемлекеттен жуктасымалдарын орындаи алады.

2. Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларына және Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері аумағынан жүктер тасымалдарына жәрдемдеседі.

9 - бап

Кең көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасымалдау

1. Жүктің жалпы салмағы, көлем мөлшері және автокөлік құралының білігіне түсетін салмақ екінші Уағдаласушы Тарап аумағында белгіленген рұқсат етілген нормадан асатын жағдайда, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде алдын-ала екінші Уағдаласушы Тараптың құзырлы органдарының арнаулы рұқсатын алу қажет.

2. Егер рұқсатта автокөлік құралының қозғалысы белгілі бір маршрут

бойынша көзделген болса, онда тасымалдау тек қана көрсетілген маршрут бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

3. Арнаулы рұқсат осы Келісімнің 5-бабының 1-тармағында көрсетілген тасымалдаулар үшін рұқсат алу қажеттілігін жоққа шығармайды.

10-бап

Уағдаласушы Тараптардың ішкі зандарында тыйым салынған қару-жарақты, оқ-дәрілерді, әскери жабдықтарды екі мемлекет арасында, сондай-ақ олардың аумағы арқылы транзитпен тасымалдауға тыйым салынады.

11-бап

Азаматтық жауапкершілікті сақтандыру

Осы Келісім негізінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау тасымалдаушының үшінші бір адам алдындағы келтіруі мүмкін залалы үшін

азаматтық жауапкершілігін алдын-ала міндетті сақтандырған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

## 12-бап

### Бақылауды жүзеге асыру

1. Уағдаласуши Тараптардың құзырлы органдары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес атқарылатын жолаушылар мен жүктөрдің тасымалдануына өз мемлекеттерінің аумағында бақылауды жүзеге асырады.

2. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы Уағдаласуши Тараптардың құзырлы органдары берген тіркеу құжаттарын, автокөлік құралдарының нөмірлік және айырмалы белгілерін, оларды жүргізу құқығының біліктілік куәліктерін өз мемлекетінің аумағында таниды.

3. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес талап етілетін рұқсаттар мен басқа да құжаттар өздеріне тиесілі автокөлік құралының жаңында бірге болуға тиіс және Уағдаласуши Тараптардың құзырлы бақылау органдарының талап етуі бойынша көрсетілуге тиіс.

4. Бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарының екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілерінің ұлттық немесе халықаралық жүргізушілік куәліктері және халықаралық талаптарға сәйкес автокөлік құралдары мен жүктөрінің тиісті құжаттары болуға тиіс.

## 13 - бап Кедендейк ережелер

1. Кеден баждарынан, алымдары мен салықтарынан мыналар босатылады:

а) Уағдаласуши Тараптардың біреуінің мемлекеті аумағында тіркелген, осы Келісімде көрсетілген жолаушылар мен жүктөрді тасымалдау үшін пайдаланылатын және екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағына уақытша кіргізілген, олардың кері қайтарылатын шарты бойынша автокөлік құралдары, тіркемелер және жартылай тіркемелер.

Тап осындаған режим аталған автокөлік құралдарымен тасып әкелінген және солармен бірге қайтарылған, көлік қызметі үшін қажетті қосалқы бөлшектерге, құралдарға және қарапайым жабдықтарға да қолданылады.

2. Дайындауши зауыт әзірлеген, автокөлік құралдарына орнатылған бактар ішіндегі жанармай, сондай-ақ тасымалдаудың тиісті кезеңіне автокөлік құралдарының жұмыс

істеуі үшін қажетті мөлшердегі жағармай материалдары.

3. Осы Келісім шеңберінде және кеден органы елге кірер кезде тұзген құжат шеңберінде тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралын жөндеу үшін екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағына уақытша әкелінетін қосалқы детальдар. Ауыстырылған детальдар автокөлік құралы тіркелген елге қайтарылып әкетілуге тиіс немесе кеден органдарының бақылауымен жойылады.

4. Шекарадан өтуге байланысты шекаралық, санитарлық, фитосанитарлық және кедендік тексеруге қатысты әрбір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын ұлттық заңдардың ережелері, сондай-ақ екі Уағдаласуши Тарапта қатысуышы болып табылатын халықаралық келісімдер мен конвенциялардың ережелері қолданылады.

5. Ауыр науқас адамдарды тасымалдау, жолаушылар мен багажды тұрақты түрде тасымалдау кездерінде, сондай-ақ хайуанаттар мен тез бұзылатын жүктерді тасымалдау кезінде шекаралық, кедендік және санитарлық тексеру кезексіз жүзеге асырылатын болжады.

1 4 - б а п  
Аралас комиссия

1. Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындаityн мәселелерді қарау және шешу үшін өз құрамында екі Уағдаласуши Тараптың да құзырлы органдарының өкілдері бар Аралас комиссия құрылады.

2. Аралас комиссияның мәжілістері құзыретті органдардың біреуінің өтініші бойынша Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің аумағында алма-кезек өткізіледі.

3. Аралас комиссия осы Келісімге қажетті толықтырулар немесе өзгертулер үшін ұсыныстар қабылдайды. Мұндай өзгертулер мен толықтырулар оларды Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының бекіткені туралы хабарлайтын ноталар алмасқан сәттен бастап қүшіне енеді.

1 5 - б а п  
Алымдар мен төлемдер

1. Бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларының осы Келісімнің ережелеріне сәйкес атқарылған жолаушы және жүк тасымалдауларынан тапқан табыстары, сондай-ақ олардың есебінен осы тасымалдаулар жүзеге асырылатын автокөлік құралдары екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында табыс салықтарынан және меншік салықтарынан өзара босатылады.

2. Халықаралық қатынаста автокөлік құралын пайдалану нәтижесінде алынған табыстарға тасымалдаушының нағыз тұрақты орналасқан мемлекет аумағында салық

салынады. Уағдаласуши Тарап қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім жасасқан жағдайда осы келісімнің ережелері қолданылатын болады.

3. Тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары екінші Уағдаласуши Тарап мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін автомобиль қолігіне салықтар мен алымдар төлеуден босатылады, оған мыналар қосылмайды:

- а) ақылы жолдар мен көпірлерді пайдаланғаны үшін алымдар;
- б) қозғалыс пен көлікті ұстауға, сақтауға және жүргізуге байланысты

шығындарды жабу үшін алынатын алым;

в) Уағдаласуши Тараптардың ішкі заңдары белгілеген нормаларға сәйкес автомобиль құралы салмағының, көлемінің, жүк көтергіштігінің артық болғаны үшін алым;

г) автокөлік жанармайына ішкі және халықаралық бағалар арасындағы айырмасын жабу бойынша жиындар.

Қорытынды ережелер

16-бап

Ұлттық заңдардың қолданылуы

Осы Келісімнің ережелерімен немесе екі мемлекетте қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерімен реттелмейтін барлық жағдайларда да Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының ішкі ұлттық заңдары қолданылатын б о л а д ы .

1 7 - б а п  
Санкциялар

1. Тасымалдаушылар немесе автокөлік құралына қызмет көрсететін персонал барған мемлекеттің қолданыстағы ұлттық заңдарын немесе осы Келісімнің ережелерін орындаған жағдайда аумағында осындай тәртіп бұзушылық болған Уағдаласуши Тараптың құзырлы органды мынадай шаралар қабылдай алады:

- а) тасымалдаушыға оның тәртіп бұзғаны үшін ескерту;
- б) тасымалдаушыны осындай тәртіп бұзу болған Уағдаласуши Тарап мемлекеттің аумағы бойынша тасымалдауды жүзеге асыру құқығынан уақытша, ішінара немесе т о л ы қ а й ы р у .

2. Мұндай шаралар қолданған құзырлы орган бұл жайында екінші Уағдаласуши

Тараптың құзырлы органына дер кезінде хабарлауға тиіс.

1 8 - б а п

Апattар немесе бақытсыз жағдайлар  
кезінде көрсетілетін көмек

Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары жол-көлік оқигалары, автокөлік құралдарының апattары немесе экипаж мүшелерінің, жолаушылардың бақытсыз жағдайға ұшыраған кездерінде оларға қажетті көмек көрсетеді, ал ауыр апattар немесе бақытсыз жағдайлар кезінде бұл жайында екінші Уағдаласушы Тараптың құзырлы органдарына мәлімдейді және тексеру нәтижелері туралы хабарлайды.

19-бап

Даулар

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану жөніндегі кез келген дау Арапас комиссияның мәжілісінде Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары арасындағы тікелей келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Егер құзыретті органдар ортақ келісімге келе алмаған болса, мұндай жағдайда материалдар олардың дипломатиялық жолмен реттелуі үшін тапсырылуға тиіс.

20-бап

Құзырлы органдар

Осы Келісімнің ережелерін орындауға өкілетті құзырлы органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасы жағынан:

- Қазақстан Республикасының Қолік және коммуникациялар министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Кеден комитеті;
- Қазақстан Республикасының Салық комитеті.

Түркіменстан жағынан:

- Түркіменстанның Автомобиль көлігі министрлігі;
- Түркіменстанның Ішкі істер министрлігі;
- Түркіменстанның Экономика және қаржы министрлігі.

Уағдаласушы Тараптар тиісті құзырлы органдардың кез келген өзгертілудер жөнінде өзара және дер кезінде хабарлайтын болады.

21-бап  
Күшіне енүі

1. Осы Келісім Уағдаласуши Тараптардың дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне мемлекеттердің әрқайсысында өздерінің ішкі зандарына сәйкес қажетті процедуралар орындалғаны туралы хабарлаған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және Уағдаласуши Тараптардың біреуі оның қолданыс мерзімі біткенге дейін кемінде 90 күн бұрын Келісімнің қолданыс мерзімін өзінің тоқтатқысы келетіні жөнінде және оны бұзатыны туралы жазбаша түрде хабарлаған кезге дейін әрбір ретте келесі

5 жылға өздігінен ұзартылатын болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 27 ақпанда екі данада, әрқайсысы қазақ, түркімен және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің де күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда Уағдаласуши Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

(Қолдары)

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.